

Бекітемін:
«Әсем» бебекжай
балабақша менгерушісі
Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бебекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» топ Бала саны 25				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Тогызбаева Жаксыгул Арапбаева Гүлнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	14.08. - 18.08.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Еңбек: аумақты тазарту. Мақсат-міндеттер: ақсақалдарға көмектесуге деген ұмтылысты дамыту. (енбек іс-әрекеті)	Еңбек: балаларды гүлзарды жинауға тарту. Мақсат-міндеттер: гүл бақшасындағы енбекпен (енбек іс-әрекеті)	Еңбек: гүл бақшасын арамшөптен тазарту. Мақсат-міндеттер: өз жұмысының нәтижесін көруге, енбекке (енбек іс-әрекеті)	Еңбек: учаседегі ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттер: ортак іске қатысу, істі соңына дейін жеткізуғе дағдыландыру. (енбек іс-әрекеті)	Еңбек: егілген өсімдіктерге құтім жасау (суару, қопсыту, арамшөптерден тазарту). Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді құтуге деген құштарлықты тәрбиелеу. (енбек іс-әрекеті)
"Не жедім, тауып ал" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер:	"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер:	Ойын «Не үшады?» Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту.	Қимылды ойын «Тап және үндеме» Мақсат-міндеттер: балаларда сигнал	Дидактикалық ойын "Менің ғажайып бұлтым" Мақсат-міндеттер:	

	<p>анализатор арқылы затты табу.</p> <p>Ойын әрекеті. Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.</p> <p>Шарты. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.</p> <p>Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көгөністер мен жемістерді алу.</p> <p>Оларды жуу.</p> <p>Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.</p> <p>Ойын барысы. Тәрбиеші көгөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жүмғызып «ожақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс</p>	<p>балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.</p> <p>"Фигура жаса" қимыл-қозгалым ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру.</p> <p>Ойын ережелері.</p> <p>Балалар барлық ойын алаңында жүгіреді.</p> <p>Сигнал берілген кезде олар тез орнында тұрып, қандай-да бір қалыпқа келу:</p> <p>шалқайып отыру, қолдарын көтеру аяқтарын көтеру т.б.</p> <p>Тәрбиеші кімнің фигурасы қызықты екенін атап өтеді.</p> <p>Жыл соңына қарай</p>	<p>Ойын ережелері. Тәрбиеші балалармен шеңберге тұрады.</p> <p>Тәрбиеші ұшатын және ұшпайтын тірі және жансыз заттарды атайды.</p> <p>Зат атағанда тәрбиеші қолын жоғары көтереді.</p> <p>Мысалы, тәрбиеші: «қарға ұшады, үстел ұшады, ұшақ ұшады»</p> <p>және т.с.с. Балалар «ұшатын» зат болса, қолдарын көтереді, «ұшпайтын» болса қолдарын төмгн түсіріп тұрады.</p> <p>Жүргізуші рөліне балалар да тағайындалады.</p> <p>Ойын алдымен баяу қарқын, содан кейін жылдам ойнатылады</p>	<p>бойынша әрекет ету, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойын ережелері. Педагог ойынды бастайды. Ол балаларға ойыншық көрсетеді, балалар оны есінде сақтайды.</p> <p>Педагог барлығын қабырғаға қарап отыруға шақырады, ол ойыншықты тез жасырады және балаларға ойыншықты кім бірінші болып тапса, дауыстап айтпау керектігін, үнсіз саусақпен көрсету керектігін ескертеді. «Іздейміз!»</p> <p>командасы бойынша балалар орнынан тұрып, іздейді. Кім тапса, алдымен тәрбиешіге келіп,</p>	<p>қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады).</p> <p>Ойын барысы: балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тынышталып, көздерін жұмады.</p> <p>Тапсырма.</p> <p>Шабындықта демалып отырғандарын елестету. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гулдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды.</p> <p>Аспандағы бұлтты таңdap, оның неге үқсайтынын айттып</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті,</p>	<p>ойын курделене түседі, оған топтық фигурандар енгізіледі - жұппен, үш. Сонымен катар, балаларға белгілі бір позициядағы фигураны ұсынуға кеңес беріледі: тек тұру, төрт аяғымен тұру, отыру т.б..</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p>"Қайда барсаң – соны табасың!" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойн алғанының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылыш екі қадам, онға тағы екі қадам.</p>	<p>қалғандары естімеуі үшін ақырын айтады. Ойын балалардың көшілігі ойыншық тапқанша дейін жалғасады. Ойыншықты бірінші болып тапқан ең мұқият және тапқыр ойыншы атап өтілді. Ойын 2 рет қайталанады.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p>беруді ұсынады.</p> <p>Қимылды ойын "Үкі"</p> <p>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша әрекет етуге тәрбиелу</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>Ойын барысы.</p> <p>Барлық ойнышылар құстар, бір бала - үкі. «Күн» белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды. «Тұн» деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұсына апарады. Содан кейін қайтадан «күн»</p>
--	---	---	---	---	--

			Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.		белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – аланда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады. (дene шынықтыру)
Таңертенгі жаттығу	<p>Сапқа тізілу; онға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.</p> <p>1. Бастапқы қалып: дene тік, қол белде</p> <p>1 - онға адым жасап, қолдарын жаңына жіберу;</p> <p>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дene тік, қол белде</p> <p>1 - онға еңкейіп, сол қолын басына қою;</p> <p>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ алшак, арқанды алға ұстау</p> <p>1 - арқанмен бірге онға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау</p> <p>4. Бастапқы қалып: дene тік, қол белде</p> <p>1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;</p> <p>3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: дene тік, қол белде.</p> <p>1 - 4 - дейін санау арқылы он жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	Гигиеналық	Гигиеналық	Гигиеналық	Гигиеналық	Гигиеналық

	<p>дағдылар Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.</p> <p>Көркем сөз Екі қоян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>	<p>дағдылар Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану кезінде ас күралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру.</p> <p>Көркем сөз Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>	<p>дағдылар Балаларға дұрыс білім беру, үстел басында өзін дұрыс ұстау, тамақтану кезінде сөйлемеу, басқа балалардың мазасын алмау.</p> <p>Көркем сөз Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>	<p>дағдылар Өзініздің сыртқы келбетінізді қадағалап, жолдастарыңыздың сыртқы келбетіндегі кемшиліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдырыңыз.</p> <p>Тігісте жыртылған күімді тігу қабілетін жетілдірініз.</p> <p>Көркем сөз Микробтар қасқунем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>	<p>дағдылар Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.</p> <p>Көркем сөз Балаларға – тортымыз, Барлық жұртқа құртымыз.</p> <p>Балмен піскен қауыршак,</p> <p>Балдай тәтті бауырсақ.</p> <p>Қауын –қарбыз, көкөніс,</p> <p>Қанша жидек, көп жеміс.</p> <p>Қане, тойып алындар,</p> <p>Тамақтан соң ойын бар .</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
--	---	--	--	--	---

<p>Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз" Мақсат-міндеттер: балаларға қыскы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Жыл мезгілдері". Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>	<p>Ойын жаттығуы: "Менің артымнан қайтала". Мақсат-міндеттер: ым-ишара, қимыл-қозғалысты қайталау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>	<p>Балабақшадагы дұрыс мінез-құлыш ережелері туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: нәтижелі ойлау және әрекет етуге дағдыландыру.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды өз ойы мен пікірімен бөлісуге машиқтандыру; сынни ойлауды дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
<p>Білім беру үйымының кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Көңіліміз тамаша!" Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыдан аттамай өрмелеп, басқа аралыққа ауысып төменге түсу;</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу Төкен Айдарханов "Жанашыр" Мақсат-міндеттер: Балаларды шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрету; кейіпкерлерге және</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Ақтөстің Сандар әлеміне саяхаты" Мақсат-міндеттер: Сандарды заттар санымен байланыстыру қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. 10 саны</p>	<p>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Үй жануарлары" Мақсат-міндеттер: Балалардың үй жануарлары туралы ойларын жүйелеп, балаларды үй жануарлары мен олардың балаларымен</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Аквариумдағы балықтар" Мақсат-міндеттер: Табиги материалдан балықтың бейнесін жасауға үрету; шығармашылықты және ұқыптылықты дамыту, ұжымда достық қарым-</p>

	<p>балаларда бір аяқтан екінші аяққа алға айналдыра отырып және қос аяқтап ыршып секіру дағдыларын дамыту; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдан жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>олардың іс-әрекеттеріне өз ойын айта білу; өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын дамыту; өзгеге жанашырлық танытып, қамқор болуға, адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Музықадан ойын-жаттығу ""Торғай"" әні" Мақсат-міндеттер: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс-әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауга тәрбиелеу.</p>	<p>туралы түсініктерін қалыптастыру. Басқа сандар арасында санды табу дағдысын қалыптастыру. Алға және артқа қарай 10-ға дейінгі санау қабілетін дамыту. Өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "«Менің сүйікті күшігім» (губкамен бояу)" Мақсат-міндеттер: Үлпілдек жануарларды (күшік) дәстүрден тыс «губкамен бояу» техникасымен сурет салуды үйрету; балаларды күшіктің бейнесін өз бетімен қағаз бетінде орналастыра бере</p>	<p>танистыруды жалғастыру: жануарлардың әдеттері, тамақтану ерекшеліктері, өмір сүру жағдайлары, адамдарға пайдасы; танымдық белсенділікті, талдау қабілетін, байланыстырып сөйлеуді дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті, жанашырлық, көмек көрсету қабілеттерін дамыту.</p>	<p>қатынасты тәрбиелеу.</p>
--	---	--	--	--	-----------------------------

			<p>білуге, оның сыртқы кейпінің негізгі ерекшеліктерін бере білу біліктіліктерін қалыптастыру;</p> <p>гуашьпен дәстүрден тыс техникамен сурет салуды жетілдіру;</p> <p>қиялдарын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту,</p> <p>үқыптылыққа тәрбиелеу.</p>		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкаfyн таңбалauыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Торғайларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: торғай туралы	Жаяу адамдарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: жолда жүру ережесі	Гүл егілген аланқайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер:	Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: ауа райының	Орманға саяхат (ата-аналармен бірлесе отырып арнаіы ұйымдастырылады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-

	<p>білімдерін тиянақтауды жалғастыру; күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Қалатындаі қиқылдан, Әдетінді білемін, «Шиық, шиық» еттің шиқылдан</p> <p>Дайын асқа ортақсын Шашып берген жемімді Торғай, торғай торғайым, Жейсін сонша қиқымдан, Сені әркез қорғаймын Қорқақсың-аяу, қорқақсын, Қыстың қамын жаз</p>	<p>туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-օған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары тұс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл тұс-жол ашиқ. Жолдан еркін ете бер! Қызыл тұс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті!</p> <p>Жол жабық! Балалар жолдан өтерде ете сақ болындар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!</p> <p>Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме откізеді.</p>	<p>гүлді дән себу арқылы еккен кезде, егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру.</p> <p>Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Кешкілік пе, күндіз бе, Үзіп алсаң сен бір гүл,</p> <p>Өсіп тұрған гүлді үзбе. Үзіп алсам мен бір гүл,</p> <p>Тұрған жерді далға, Не қалады сиқынан,</p> <p>Тастағалы жүрміз бе?</p> <p>Қызыл-жасыл жердің</p>	<p>әрекет, еңбек іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың орман туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p>Ормандағы өсетін ағаштар мен құстар, жәндіктер туралы білімдерін молайту.</p> <p>Орманға барып, балалардың көңілін көтеріп, оларға қуаныш сыйлау.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Орманның ең басты байлығы – ағаштар.</p> <p>Олар көптеген жануарлар түрлерін тамақпен қоректендіреді, баспана болады.</p> <p>Ормандар ондағы өсетін ағаштардың басымдылығына қарай: қайынды орман, еменді орман, шыршалы орман,</p>
--	---	--	--	---

<p>ойлап, Еңбек десе шорқақсын. Бәріне де бол дайын! Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.</p> <p>- Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.)</p> <p>- Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)</p> <p>- Ал қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара- қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жириен түспен жиектелген)</p> <p>- Ал басының түсі қандай? (Сұр)</p> <p>- Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада</p>	<p>-Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жүргенде жолдың он жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүргуге тырысу керек.</p> <p>Көшеде сабырлы булу керек. Жолдан өтерде</p> <p>бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.</p> <p>-Дұрыс айтасындар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сыйылған.</p> <p>Еңбек: гербарий</p>	<p>был Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма. Бірде – бірін жұлғызба, Қасындағы балаға. Гүл біздің өмірімізге куаныш сыйлайтын әдемілік әлемі. Қатар-құбыларымыз бен туыстарымыздың туған күндеріне гүл сыйлаймыз.</p> <p>Мерекелерде аналарымызды куанту үшін гүл ұсынамыз. Ең алғаш мектеп</p> <p>табалдырығын аттағанда да гүл алып барамыз. Үйде, аулада гүл</p> <p>өсіреміз. Осы бір табиғаттың әсем мүшесін күтіп, баптау кезінде өзіміз</p>	<p>- Жаңбыр жауарда бұлт қандай болады? - Жаңбыр неге керек? - Қандай жаңбыр түрлері естерінде бар? (ақ жаңбыр, сылбыр жаңбыр, нөсер жаңбыр, найзағайлы жаңбыр)</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Auya-райын бақылау. Аспандағы бұлтқа назар аудару. Жаңбыр болуы мүмкін бе? Болса қандай болуы мүмкін?</p> <p>Халық болжамы</p> <p>- Жаз жаңбырлы болса - қыста қар мол болады, әрі аязды болалы.</p> <p>- Жаңбыр болар алдында</p>	<p>қарағайлы орман болып бөлінеді. Ормандағы биік ағаштар, гүл жарған гүлдер, әртүрлі құстардың бірі ұшса, басқалары тоғайды әнге толтырады.</p> <p>Көркемсөз «Орман байлығы»</p> <p>Үйенқі, қайын, қарағаш, Қаулап өскен ағаштар, Самырсын, емен, қарағай.</p> <p>Жеміс, жидек сайдада.</p> <p>Өседі бәрі аралас, Хош иіске елітіп, Бақшада өскен баладай.</p> <p>Тынып қалған айнала.</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>- Айналадағы ағаштарды қарау, қандай ағаштар өсіп</p>
--	---	--	---	--

	және ауылда.) - Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, онаша мекен де табады.) - Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырыларына салады. - Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның құнқағарларына.) Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында	жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау, түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Бағдаршам». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту, ептіліктерін дамыту. "Үшінші артық" қымыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды	десенші! Зерттеу жұмысы Балалармен гүл еілген алаңқайға барып, өніп шығып келе жатқан гүл өскінін карау. Дәннен кішкентай ғана жапырақ, одан өскін, одан гүл өсіп шығатынын түсіндеру. Эр гүлдің жапырақтары мен сабактары арасындағы айырмашылықты қараяу. Еңбек: балалармен гүл еілген алаңға сусепкішпен су себу. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбексүйгіштікке баулу, жас гүлдерді суды себу арқылы суғаратынын көрсету. Қимылды ойын «Ақ	жаңбыр болады. Еңбек: құмсалғыш айналасына шашылған құмдарды, алаңға алып шыққан құралдар мен ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттер: жинақылықта, тазалықта баулу. Өздеріне қажетті заттарға мүқият болуға тәрбиелеу. "Бояулар" қымыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындаидыры, тырысады, ептілікті, қозғалыс	тұрганын ажырату, аттарын айту. - Олардың жапырақтарына назар аудару, салыстыру. - Айналадан құстарды бақылау, қандай құс екенін табу. - Айналадан жәндіктерді бақылау, құмырсқа илеуін табу, бақылау. Еңбек: балалар тоқтаған алаңқайды ағаш сынықтарын, бұталарды жинау. Мақсат-міндеттер: орманға, ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу "Ақ серек, көк серек" қымыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:
--	--	---	--	---	--

	<p>қай жерге мекенdedі екен? Адамдар күстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек) Жазда, күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндегі мен тұқымдарын шоқиды)</p> <p>Еңбек: ағаштарды емдеу мақсатында еңбек үйимдастыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Жапалақ" қимыл-қозгалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеністікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала тандалынады: бірі құғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шенберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шенберде тұрган баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды.</p> <p>Күғыншы мен қашушы шенбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шенбер сыртында, сол шенбер бойымен бірін-бірі қуалайды.</p> <p>Қашып журген бала</p>	<p>серек-көк серек» (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірлесе ойнауға, ойын шартын сақтауға баулу.</p> <p>Жаттығу ойындары «Волейбол ойыны»</p> <p>Мақсат-міндеттер: бір-біріне доп беру, кері лактыру.</p> <p>Болжам: гүлдердің иісі одан сайын аңқып шықса, жауын жауады.</p>	<p>жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.</p> <p>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Эрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойласап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.</p> <p>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": 	<p>балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.</p> <p>Ойын ашық аланда өткізіледі.</p> <p>Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді.</p> <p>Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады.</p> <p>Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ақ серек, көк серек,
--	--	---	---	--	---

	<p>балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай кимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауга тәрбиелеу.</p> <p>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады.</p> <p>"Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.</p> <p>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады.</p> <p>Жүргізуші (сондай-ақ</p>	<p>(қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер күғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, тұртіп үлгерсе, қүғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.</p>	<p>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім.</p> <p>Алыстан келемін, Бояу үшін тенге беремін.</p> <p>"Бояуды сатушы":</p> <ul style="list-style-type: none"> - Түсі қандай бояуды қалайсыз? <p>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол тұс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) тенге. <p>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.</p>	<p>Бізден сізге кім керек?</p> <p>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.</p> <p>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.</p> <p>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.</p> <p>Қимылды ойын «Аталған ағашқа кім бұрын жетеді?» (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жылдамдыққа, ептілікке баулу.</p>
--	---	---	--	--

	<p>балалардың бірі):</p> <p>"Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялад, осы кезде ойыншылар ойын аланына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді.</p> <p>"Тұн батты! Шапалак аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.</p> <p>Егер кім қозғалса, құліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды".</p> <p>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.</p>		<p>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.</p> <p>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.</p> <p>"Ұшты - ұшты" ойыны. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажыраты білуді жетілдіру.</p> <p>Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар келген атауларды атайды.</p> <p>Егер олар ұшатын</p>	<p>Ағаш аттарын есте сақтауларын, айналаны бағдарлай білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Жеке жұмыс</p> <p>Балалармен табиғат, жыл мезгілі, құстар т.б.</p> <p>Жайлы өлеңдер оқу.</p> <p>Қызықты ойындар ойнау.</p> <p>Мақал-мәтел</p> <p>-Қалың ну-халық саулығы!</p> <p>Көк орман-Отан байлығы!</p> <p>-Ер - елдің көркі, орман, тоғай - жердің көркі.</p> <p>-Бір ағаштан жасалады мың шырпы, мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.</p>
--	--	--	---	--

	<p>Екінші нұсқасы.</p> <p>Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалактарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек.</p> <p>Қимылды ойын «Құстардың ұшты». (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.</p> <p>Жаттығу ойындары «Жалауды құлатпа»</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>заттар арасымен, оларды құлатпай ирелендең жүргү</p>		<p>болса құс қанатын қағып қымыл көрсетеді.</p> <p>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.</p> <p>Егер керісінше ұштын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.</p> <p>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.</p> <p>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.</p>	
--	--	--	---	--

Серуеннең оралу	<p>Серуеннең оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - участкіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; <p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Жендерін түріп, қолдарын сабындалап, суды жан-жаққа тәкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге махықтандыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс, этикет ережесі.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Екі қоян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз,</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен.</p> <p>Тамақ ішер алдында, Қол жуамын</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Балаларға дұрыс білім беру, үстел басында өзін дұрыс ұстау, тамақтану кезінде сөйлемеу, басқа балалардың мазасын алмау.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек,</p> <p>Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ,</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Өзініздің сыртқы келбетінізді қадағалап, жолдастарыңыздың сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыла айналдырыңыз.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек,</p> <p>Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ,</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Балаларға – тортымыз, Барлық жүртқа құрттымыз.</p> <p>Балмен піскен қауыршақ, Балдай тәтті</p>

	Тісін берсін қасқырдың. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	сабынмен. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансұгіров) (мәдени- гигиеналық дағдылар)	Микробтар қасқунем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	бауырсақ. Қауын –қарбыз, көкөніс, Қанша жидек, көп жеміс. Қане, тойып алындар, Тамақтан соң ойын бар . (мәдени- гигиеналық дағдылар)
Күндізгі үйқы	Балалардың үйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Біртінде үйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).</p> <p>Үйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындаиды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың үйқыдан біртінде ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (дene шынықтыру)</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	"Кім тез жинайды" дидактикалық оыйны. Ойын мақсат- міндеттер: көгөністер	"Жер, су, ауа, от" дидактикалық оыйны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау	"Тез жауап бер" дидактикалық оыйны. Мақсат-міндеттер: түстерді, пішіндерді,	"Дыбыстар қайда орналасқан" дидактикалық оыйны. Мақсат-міндеттер:	Қымылды ойын: "Қасқыр қақпан." Мақсат-міндеттер: ойын ережесі бойынша әділ ойнуға

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Ойын шарты.</p> <p>Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен киярдың суреті жапсырылады.</p> <p>Алманың суреті бар себетке жемістер, ал киярдың суреті бар себетке көкөністер салынады.</p> <p>Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады. Ойынды топта я</p>	<p>қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.</p> <p>Ойын шарты.</p> <p>Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лактырып, «Жер» деген кезде - жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегендеге - суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «аяу» дегендеге - ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Қимылды ойын: "Орамал".</p>	<p>сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру.</p> <p>Ойын шарты:</p> <p>Балалар шенберде тұрады, допты кім қағып алады сол бала заттың аты мен түсін айтып допты келесі балаға лактырады.</p> <p>«Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- ғұл, «агаш»- отырғыш, «тас»- үй, «темір»- қасық т. б. Ойынды үйренгесін тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі, үш сөзбен жауап беруге болады.</p> <p>Қимылды ойын: «Қойлар мен қасқыр».</p>	<p>дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойын шарты. Үш сандықша жасалынады. Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс аяғында көрсетілген.</p> <p>Балаларға жазылған сөздер үlestіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, үйимшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойнаушылар ойын болатын жерге жиылады да, екі топқа бөлінеді.</p> <p>Улken тобы — «Қақпан», кіші тобы — «Қасқырлар».</p> <p>Ойынға басқаруышы тағайындалады.</p> <p>Басқаруышы ойнаушылардың арасынан дауығы ашық, тақпақты жақсы білетін біреуіне бастауды міндеттейді, қалғандары оған қосылады.</p> <p>Қасқыр түссе қақпанға, Ұстамасқа бола ма. Қол ұстасып тұрайық,</p>
---	---	---	--	---	--

	<p>болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталаңады. (дene шынықтыру)</p> <p>"Итеріспек" қымылды қазақ халық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалу, бір аяғынан секіру, жылдамдық, ептілік қабілеттерін дамыту. Үлкен шеңбер сызылған. Бір аяғымен секіріп тұрған балалар бір- бірін шеңберден шығарады. Екінші аяғын жерге тигізсе женеіліс болып саналады. (дene шынықтыру)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшандыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Ойын шарты. Балалар шеңбер күрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырган баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылыш қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай бірлесіп ойнауға, бірлікке, достыққа тәрбиелеу. Ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.</p> <p>Ойынға қажетті құралдар: ағаш ат немесе резенке ат, қамшы.</p> <p>Ойын шарты. Қойшы қойларды өрісте бағып жүреді, ал қойлар алаңсыз жайылып жүреді. Кенет аш қасқыр жақындаپ келіп қалады. Қасқырды байқап қалған қойшы: қойларым, қашындар, аш қасқыр! келіп қалды дегенде қойлар аш қасқырдан қашулары керек. Ал қойшы қойларын аман алып</p>	<p>дейін тиянақты ойнауға үйрету. Ойын шарты. Санамақ арқылы балалардың ішінен бір бала алынады. Ол бала шырмауықты шешкіш. Ал басқалары шеңбер бойымен тұрады да бір - бірінің қолдарын жібермей, қолдарының астынан олай - бұлай өтіп шырмала бастайды. Сөйтіп балалар шырмалып біттік дегенде, шырмауықты шешуші келіп шырмалған балаларды шешуі керек. Шеше алмаса айбын өтейді. сөзді сандақшаларға салады.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p>Қасқырқақпан күрайық. Біздің қақпан болаттай. Қасқырды тұр жолатпай, Қасқыр, қасқыр, келіп көр, Қақпан, қақпан берік бол. Ойынға қатынасушылар эбден бір-бірімен қол ұстасып, дөңгеленіп, шеңбер күрып тұрып болғанша: Кәне, кәне, тұрайық, Қасқырқақпан күрайық — деген өлең жолдарын қайталап айта береді. Соңан соң өлеңнің соңғы шумағы: Кәне, қақпан, берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!</p>
--	--	--	--	---	---

		<p>оыйншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. (дene шынықтыру)</p>	<p>қалу үшін, атымен шауып, қолына қамшысын алып қасқырды қуады. Қасқырды қойшы соғып алса, қойшы қасқырға ән, бй билетеді. Ал қасқыр қойларды ұстап алса ұсталған қой ойыннан шығарылады. (дene шынықтыру)</p>	<p>— деген жолдарды айтып болысымен, «қақпан» болып тұргандар бір-бірінің ұстаған қолдарын жоғары көтереді. Ал «қасқыр» тобындағылар арғы беттегі «қораға» көтерілген қолдардың астымен жүгіріп өтіп кетуге тырысады. Қасқырлар осылай өтіп жатқан кезде бастаушының «а-ап!» деген белгісімен көтерілген қолдар төмен түсіріледі. Ойнаушылар жүрелерінен отыра қалады. Сейтіп «қақпан» жабылады. Іште қалғантдар «қақпан» тобына қосылады да, «қасқырлар» азая береді. Ойын</p>
--	--	---	--	---

					қайталанып жалғаса береді. Ойынга қатынасушылар кезектесіп орын ауыстырып отырады. (дene шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	Балалардың кейбір маңызды мінездүкүлік ережелері туралы, оларды сақтау қажеттілігі туралы білімдерін жетілдіру; мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуінде сәйкес сөздерді және сөйлеу кезектерін белсендіру.	«Көңіл-күй кубы» дидактикалық ойыны. Біз сүйек тастаймыз, тасталған эмоцияны атаймыз, оны бейнелейміз. Біз шенберге тұрамыз. Барлығы бірге: «Мен әрқашан бәріне жақсылық жасауға дайынмын. Осындай әрекетті жасай отырып, мен «иә, иә, иә» деймін	«Сыпайы сөздер» дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларда өзін-өзі ұстая мәдениетін, сыпайылықты, бәріне құрметпен қарауды, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Барысы. Педагог балаларға әртүрлі тақырыптағы суреттерді көрсетіп, сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.	Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы. Мақсаты: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауга фишкалар.	Заттармен ойын «Қонақ қай елден?» Мақсаты: балалардың басқа елдің тұрғындары туралы білімдерін олардың түсініктерінде бекіту; басқа ұлт өкілдеріне деген қызығушылықты, оларды құрметтеуді, олардың өмірі туралы білуге қызығушылықты, сыпайылықты тәрбиелеу. Ойын ережелері. Басқа ұлт өкілінің имиджге сәйкес келетін ұлттық

					киімін таңдау; ұлттық киімді куыршаққа кигізу; ұлттық киімді дұрыс және тез киінген жеңеді.
Серуенге дайындық	1. Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстau ережелерін қайталау. 2. Киімді киу алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстau ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.				
Серуен	Тұскі бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамактану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	<p>Балаға көшедегі және үйдегі қауіпсіздік ережелерін ұнемі еске салып отырыңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өз үйінен, аулаңнан алыс кетпе. 2. Көшеде бейтаныс адамдардан ештеңе алма. Бірден шетте тұр. 3. Қараңғы түскенше жүрме. 4. Таныс емес жасөспірімдердің ортасында жүрме. 5. Адамдар тұрмайтын жерлерден, жыралардан, бос жерлерден, қараусыз қалған үйлерден, сарайлардан, шатырлардан, жертөлелерден аулақ бол. 6. Бейтаныс адаммен кіrebеріске кіrме. Осы жерде айта кететін біr жайt, кейde қyлmyсты таныs адамdar жасайды (мысалы, кейbіr көrші, aқkөnіl, kүlіmсіregen жәne тыnыш Vanя aғay manyaқ bolыp shыguy мүmkіn). 7. Bіlmeйтіn адамдарғa eсіk aшpa. 8. Basқa bіreudіn kөlіgіne otyrma. 9. Bейтаныs адамдардыn барлық ұsыnystarыna jauap ber: «Jоq!» olardы адамdar bar жerge dереu қalдыryp. 10. Kөshede, kөlіkte, kіre berіste адамдарды kөmekke шакyрудan тартыnba. 11. Қaуіptі sәtte, olar sіzdі ұstap алmaқ bolғan kezde kүsh қoldan, aйқайla, қash!
--	--

Әдіскер:

А.А.Сулейменова